

## Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 373 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 қыркүйекте № 24430 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экология кодексінің 340-бабының 5 және 6-тармақтарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Иесіз қалдықтарды басқару қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2021 жылғы 1 шілдеден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрі

С. Брекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

## **Иесіз қалдықтарды басқару қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Иесіз қалдықтарды басқару қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Экология кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 340-бабының 5-6-тармағына сәйкес әзірленді және сот шешімімен республикалық немесе коммуналдық меншікке түсті деп танылған иесіз қалдықтарды, оның ішінде иесіз қауіпті қалдықтарды басқару тәртібін айқындайды.

2. Иесіз қауіпті қалдықтар сот шешімі бойынша республикалық және коммуналдық меншікке түседі.

3. Иесіз қауіпті қалдықтарды республикалық меншікке беру қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның иесіз қауіпті қалдықтарды республикалық меншікке қабылдауға келісімі болған кезде сот шешімімен жүзеге асырылады.

Кодекстің 340-бабының 3-тармағына сәйкес облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы өз аумағында иесіз қалдықтарды, оның ішінде иесіз қауіпті қалдықтарды анықтайды және осындай қалдықтардың болуы туралы хабарды алған кезден бастап алты ай ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды хабардар етеді және осындай қалдықтарды республикалық немесе коммуналдық меншікке түсті деп тану туралы талаппен сотқа жүгінеді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган иесіз қалдықтар, оның ішінде иесіз қауіпті қалдықтар табылған жағдайда да осы қалдықтарды республикалық немесе коммуналдық меншікке түсті деп тану туралы талаппен сотқа жүгінеді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары қауіпті қалдықтарды республикалық меншікке беру жөніндегі сот отырыстарына қатысады.

Қалдықтарды республикалық меншікке беру үшін құрамына қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшесі, жергілікті атқару органы (бұдан әрі - әкімдік), халықтың санитариялық эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ведомство органының, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомстволық бағынысты ұйымының (бұдан әрі - ұйым) өкілдері кіретін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - ЖАО) комиссия құрады.

Қауіпті қалдықтарды республикалық меншікке беру кезінде, сот шешімі күшіне енген кезден бастап екі ай мерзімде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп танылған иесіз қауіпті қалдықтарды қабылдау- тапсыру актісі жасалады.

4. Кодекстің 379-бабының 5-тармағына сәйкес Құрамында жойылуы қиын органикалық ластауыштар туралы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген жойылуы қиын органикалық ластауыштар бар қалдықтарды көмуге тыйым салынады. Мұндай қалдықтардың экспорты мен импортына оларды жою мақсатында ғана рұқсат етіледі.

5. Ұйым және ЖАО жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұйымның және ЖАО басқаруына берілген қалдықтардың көлемі, түрлері, орналасқан жері, жай-күйі және оларды басқару жөніндегі қабылданып жатқан шаралар туралы ақпаратты есепті жылдан кейінгі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша электронды нысанда береді.

## **2– тарау. Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару тәртібі**

6. Ұйым немесе әкімдік Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу арқылы жеке және (немесе) заңды тұлғаларды тарта отырып:

- 1) қауіпті қалдықтардың қауіпті қасиеттерін зерделеу;
- 2) қауіпті қалдықтардың адамға және қоршаған ортаға әсерін анықтау;
- 3) қауіпті қалдықтардың қауіптілік деңгейін анықтау;

4) Кодекстің 343-бабына сәйкес қауіпті қалдықтар паспортын жасай отырып, кодтауды айқындау жұмыстарын жүргізеді.

Ұйым немесе ЖАО "бағалаушы" біліктілігін иелену туралы куәлігі бар жеке тұлғаларды тарта отырып, "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес қауіпті қалдықтардың құнын анықтау жұмыстарын жүргізеді.

7. Осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген жұмыстардың нәтижелері бойынша ұйым немесе әкімдік осы осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын дайындайды.

8. Радиоактивті қалдықтар мен құрамында жойылуы қиын органикалық ластауыштар бар қауіпті қалдықтардан басқа қауіпті қалдықтар осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген жұмыстар жүргізілгеннен кейін конкурстық негізде сатылады.

9. Қауіпті қалдықтарды сату жөніндегі Конкурс (бұдан әрі - Конкурс) осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

10. Егер Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес қауіпті қалдықтардың қорытынды құны нөлге тең деп анықталса, онда бұл қалдықтар осы Қағидаларға сәйкес қатысушы мәлімдеген баға бойынша сатылады.

11. Қауіпті қалдықтарды ұйым немесе ЖАО осы Қағидалардың 42-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес анықталатын бағалау құнынан төмен емес баға бойынша жеке және заңды тұлғаларға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктеріне (консорциум) конкурс өткізу арқылы сатады.

12. Конкурсты дайындауды және өткізуді ұйым немесе ЖАО жүзеге асырады.

13. Республикалық меншікке берілген қауіпті қалдықтарды өткізу жөніндегі конкурстық комиссияның құрамын ЖАО уәкілетті органның, мүдделі мемлекеттік органдардың, ұйымдардың өкілдерін қоса отырып, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік орган, ұйым қалыптастырады.

Коммуналдық меншікке берілген қауіпті қалдықтарды сату жөніндегі конкурстық комиссияның құрамын ЖАО, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің, мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерін қоса отырып, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік орган қалыптастырады.

Конкурстық комиссияны төраға, төрағаның орынбасары, комиссия мүшелері құрайды.

14. Конкурс әлеуетті қатысушылардың аясы шектелмеген тобы арасында ашық тәсілмен екі кезеңде өткізіледі.

15. Республикалық меншікке берілген қауіпті қалдықтарды сату жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарландырулар уәкілетті органның және ұйымның интернет-ресурстарында 3 (үш) күн ішінде мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады.

Коммуналдық меншікке берілген қауіпті қалдықтарды сату жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарландырулар ЖАО интернет-ресурстарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырылады.

16. Конкурс өткізу туралы хабарландыру мыналарды:

1) конкурсты ұйымдастырушының атауын және конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау орнының мекенжайын;

2) конкурсты өткізу уақыты мен орнын;

3) конкурсқа қатысуға өтінім қабылдаудың басталуы мен аяқталуын;

4) конкурстың негізгі шарттарын;

5) конкурсқа шығарылатын қалдықтар объектісінің орналасқан жері мен қысқаша сипаттамасын;

6) ақы төлеу үшін деректемелерді көрсете отырып, қауіпті қалдықтар объектісінің бағалау құнының бір пайызын құрайтын конкурсқа қатысу құқығы үшін жарнаның мөлшері (тек республикалық меншікке берілген қауіпті қалдықтар үшін);

7) құжаттар топтамасын алу үшін электрондық сілтемені қамтиды.

17. Құжаттар топтамасын ұйым немесе ЖАО қалыптастырады және ол конкурстық өтінімді әзірлеу үшін әлеуетті қатысушыға қажетті мынадай ақпараттан тұрады:

- 1) қауіпті қалдықтар туралы тарихи анықтама;
- 2) қауіпті қалдықтардың сандық-сапалық сипаттамасы туралы ақпарат;
- 3) қауіпті қалдықтардың қауіпті қасиеттері туралы ақпарат;

4) қауіпті қалдықтардың адамға және қоршаған ортаға әсерін анықтау туралы мәліметтер;

5) шарттарын ұйым уәкілетті органмен келісетін қауіпті қалдықтарды сату туралы келісімшарттың (бұдан әрі - келісімшарт) жобасын, коммуналдық меншікке берілген қауіпті қалдықтарды сату жөніндегі келісімшарттың талаптарын әкімдік әзірлейді.

18. Қауіпті қалдықтарды сату жөніндегі конкурсқа қатысуға әлеуетті қатысушылар конкурстық өтінімдерін осы Қағидаларға 2 - 3- қосымшаларға сәйкес белгіленген нысан бойынша барлық растау құжаттарын қоса беріп, беттерін нөмірлеп, тігілген түрде ұсынады, соңғы бетіне өтініш берушінің немесе сенімхат бойынша:

жеке тұлғалар үшін - өтініш берушінің немесе сенімхат бойынша адамның қолымен ;

заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының немесе қол қою құқығы берілген уәкілетті тұлғаның қолымен куәландырылады.

19. Конкурстық өтінімдерге мыналар:

1) өкілдер туралы деректер (егер олар бар болса), ондай тұлғалардың өкілеттіктері туралы мәліметтер қоса беріліп;

2) қауіпті қалдықтар орналастырылған аумақтарды рекультивациялау, қауіпті қалдықтарды қалпына келтіру және энергетикалық кәдеге жарату жобаларын іске асыру бойынша әлеуетті қатысушының алдыңғы қызметі туралы мәліметтер (бар болса );

3) тіркеме және құрылтай құжаттарының көшірмесі (бірінші басшыға не болмаса қол қоюға уәкілеттік берілген адамға жарғы және бұйрық заңды тұлғалар үшін) және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі жеке тұлғалар үшін;

4) жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету, қосалқы мердігерлерге (тартылған жағдайда) берілетін жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі мен түрлері үшін қосалқы мердігерлердің тізбесі;

5) консорциум қатысқан жағдайда, консорциумға қатысушылардың құрылтай құжаттарының көшірмелері (бірінші басшыға, не болмаса қол қоюға уәкілеттік берілген адамға жарғы және бұйрық), бірлескен шаруашылық қызметі туралы шартты ( консорциумдық келісім – заңды тұлғалар үшін) ұсынады;

6) осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, республикалық меншікке берілген қауіпті қалдықтарды сату жөніндегі конкурсқа қатысу құқығына кепілдік жарна төлемін растайтын құжат;

7) келісімшартты іске асыруға бағытталған бағдарлама туралы мәліметтер, технологияларды қолдану, іске асыру мерзімдері туралы мерзім;

8) құжатталып расталған конкурстың және келісімшарттың шарттарын орындауға қажетті әлеуетті қатысушының мүмкіндіктері туралы деректерді, мынадай мәліметтермен:

қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату (қайта өңдеу), сондай-ақ конкурстың және келісімшарттың шарттарын орындау үшін қажетті техникалық мүмкіндіктері (Қазақстан Республикасының аумағында меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару және (немесе) жалдау құқығында (келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындаудың барлық кезеңінде жалдау мерзімімен) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалануға рұқсат етілген құжатпен ұсынылған технологияларға қажетті жабдықтың болуы);

қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату (қайта өңдеу), сондай-ақ конкурстың және келісімшарттың шарттарын орындау үшін қажетті басқару мүмкіндіктері (еңбек ресурстарының, оның ішінде персоналдың тиісті біліктілігі, санаты, разряды, сыныбы және еңбек өтілінің болуы, тиісті растаушы құжаттарды қоса бере отырып);

қаржылық мүмкіндіктері (ақшалай қаражаты болуы туралы банктің анықтамасы) қоса беріледі.

20. Жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін егер конкурс шарттарында өзгеше көзделмесе, әлеуетті қатысушы қосалқы мердігерлерді тартады, бірақ көрсетілетін жұмыстар, қызметтер көлемінің екіден бір бөлігінен аспауы тиіс.

21. Конкурстық өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін конкурсқа қатысушы өз бастамасы бойынша конкурстық өтінімді бұл туралы ұйымға немесе ЖАО-ға жазбаша хабарлай отырып, үш сағаттан кешіктірмей кері қайтарып алады.

22. Конкурстық өтінімдер оларды қабылдау күні аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаралады.

23. Конкурстық өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссияның хатшысы 10 (он) күн ішінде алдын ала рұқсат беру хаттамасын дайындайды, оған барлық қатысып отырған конкурстық комиссияның мүшелері және хатшысы қол қояды.

Ұйым немесе ЖАО барлық қатысушылардың конкурстық өтінімде көрсетілген заңды және электрондық мекенжайларына 3 (үш) күн ішінде рұқсат беру хаттамасына үзінді-көшірме жібереді.

24. Осы Қағидалардың 18 және 19-тармақтарының талаптарына сәйкес келмейтін конкурстық өтінімдер анықталған жағдайда, қатысушылар алдын ала рұқсат беру хаттамасынан үзінді-көшірме жіберілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурстық өтінімдерін сәйкестікке келтіреді.

Ескертулер болған жағдайда, қатысушы конкурстық өтінімге қажетті өзгерістерді және толықтыруларды енгізеді.

25. Қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарау қорытындысы бойынша конкурстық комиссия жойылған бұзушылықтарды ескере отырып, (олар болған

жағдайда) конкурстың екінші кезеңіне жіберу немесе жіберуден бас тарту туралы шешімін 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде қабылдайды.

26. Конкурстық комиссия алдын-ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген ескертулерді жоймай берген қатысушылардың конкурстық өтінімдерін конкурстың екінші кезеңіне жіберуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

27. Конкурстық комиссияның шешімі кворум болған кезінде ашық дауыс беру арқылы қабылданады және конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының басым көпшілігі дауыс берген кезде қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда , конкурстық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп есептелінеді .

Конкурстық комиссияның кез келген мүшесі конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда жазбаша нысанда баяндалатын өз пікірін білдіреді және ол хаттамада тіркеледі.

28. Ұйым немесе ЖАО конкурстық комиссия шешім қабылдаған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурстық өтінімде көрсетілген барлық қатысушылардың заңды және электрондық мекенжайларына рұқсат беру хаттамасынан үзінді-көшірмені жолдайды

29. Конкурсқа қатысуға дайындық бойынша шығынды қоса алғанда, конкурсқа қатысушылардың жұмсаған шығындары өтелмейді. Ұйым конкурстың қорытындысы жарияланған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жеңімпаз деп танылмаған конкурсқа қатысушыларға жарналарын қайтарады.

30. Конкурстың екінші кезеңіне жіберілген қатысушы осы Қағидаларға 4 - қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша конкурстық баға ұсынысын жасайды, оны ұйымға немесе әкімдікке рұқсат беру хаттамасынан оған үзінді- көшірме жолданған күнінен бастап, 3 (үш) жұмыс күні ішінде конверттерді ашу рәсіміне бір сағатқа дейінгі уақыттан кешіктірмей ұсынады.

31. Конкурстық баға ұсынысына баға ұсынысы кіреді және ол қатысушының (жеке тұлғалар үшін) қолымен немесе бірінші басшының немесе қол қоюға уәкілеттік берілген адамның (заңды тұлғалар үшін) қолымен расталады.

Конкурстық баға ұсынысын конвертке мөр соғып бекітеді. Конвертте қатысушының атауы (заңды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке тұлға үшін ) және мекенжайы көрсетіледі.

32. Конкурстық ұсыныс және конкурстық баға ұсынысы әлеуетті қатысушыға грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайды есепке алмағанда, тармақтардың арасында ешқандайда бір артық жазусыз, өшірусіз немесе қоса жазуларсыз ұсынылады.

Ұйымға келіп түскен конкурстық өтінімдер мен конкурстық баға ұсыныстары қайтарылмайды.

33. Конкурстық баға ұсыныстарын қарауды және қорытындыларын шығаруды конкурстық комиссия үш сағат ішінде жүргізеді.

Баға ұсыныстары бар конверттерді ашу кезінде ұйым видео-аудио жазба жүргізеді.

34. Конкурс жеңімпазын ең жоғары баға беру негізінде конкурстық комиссия айқындайды. Бірнеше қатысушылар бірдей ең жоғары баға берген жағдайда ұйым немесе ЖАО олардың заңды және электронды мекенжайларына конкурстық баға ұсыныстарын ашу хаттамасын жіберген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оларға баға ұсынысын қайтадан беру құқығын ұсынады.

Қайта конкурстық баға ұсыныстары осы Қағидалардың 31-тармағының талаптарына сәйкес ұсынылады.

Қайта конкурстық баға ұсыныстарын қарау және қорытындыларын шығару осы Қағидалардың 34-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Конкурстық комиссияның шешімі хаттама түрінде ресімделеді, оған отырысқа қатысып отырған конкурстың барлық комиссия мүшелері мен хатшысы қол қояды.

36. Республикалық меншікке берілген қауіпті қалдықтарды сату жөніндегі конкурстың нәтижелері шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уәкілетті органның және ұйымның интернет-ресурстарында орналастырылады.

Коммуналдық меншікке берілген қауіпті қалдықтарды сату жөніндегі конкурстың нәтижелері шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ЖАО-ның интернет-ресурстарында орналастырылады.

37. Конкурс мынадай жағдайларда:

1) конкурстық өтінімдер болмаған кезде;

2) конкурстың екінші кезеңіне бір ғана қатысушы қатысқан кезде;

3) егер конкурстық өтінімдерді қарау қорытындылары бойынша конкурсқа алдын ала рұқсат беру кезеңінде конкурс талаптарына сәйкес бірде бір өтінім ұсынылмаған жағдайда, конкурс өткізілген жоқ деп танылады.

38. Конкурс өткізілген жоқ деп танылған кезде конкурстық комиссия объектіні конкурстан алып тастайды немесе қайта конкурс өткізуді белгілейді.

39. Конкурстың екінші кезеңіне жіберілген бір ғана өтінім берушінің қатысуына байланысты конкурс қайта өткізілген жоқ деп танылған кезде, ұйым немесе ЖАО конкурстық комиссияның ұсынысы бойынша мұндай қатысушымен келіссөздер және конкурстық баға ұсынысында қатысушылар ұсынғаннан кем болмайтын баға бойынша талаптар негізінде келісімшарт жасайды.

40. Конкурс жеңімпазымен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың талаптарын сақтай отырып келісімшарт жасалады. Орындалған жұмыстар туралы есепті конкурс жеңімпазы ұйымға немесе ЖАО-ға тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы күніне дейін ұсынады.



41. Келісімшарт талаптары сақталмаған жағдайда ұйым немесе ЖАО оны Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен бұзады және конкурс өткізуді қайта жариялайды

42. Осы Қағидалардың 37-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес конкурс екі рет өткізілген жоқ деп танылған жағдайда ұйым осы Қағидаларда көзделген тәртіппен қатысушылар мәлімдеген баға бойынша қалдықтарды сату үшін конкурс өткізеді.

43. Қатысушылар мәлімдеген бағамен қалдықтарды сату бойынша конкурс өткізілген жоқ деп танылған жағдайда осы Қағидалардың 37-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қалдықтар талап етілмеген деп саналады.

44. Қалдықтарды сатудан түскен қаражат мемлекет кірісіне жіберіледі.

45. Ұйым немесе ЖАО Заңға сәйкес қауіпті қалдықтарды кәдеге жарату және/немесе жою бойынша одан әрі әдісті айқындау үшін құжаттаманы әзірлеуге жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және (немесе) жүргізеді.

46. ЖАО Заңға сәйкес қалдықтар орналастырылған аумақты рекультивациялау бойынша мемлекеттік сараптамадан өткен жобаларды іске асыру үшін жеке және (немесе) заңды тұлғаларды тартады.

47. Қалдықтардың объектілері орналасқан аумақтарды рекультивациялау жұмыстары қалдықтар сатылғаннан, қалпына келтірілгеннен, кәдеге жаратылғаннан және жойылғаннан кейін Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

### **3-тарау. Иесіз қауіпті қалдықтарды басқару тәртібі**

48. Иесіз қауіпті емес қалдықтарды (бұдан әрі - Қауіпті емес қалдықтар) коммуналдық меншікке беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

Қауіпті емес қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

49. Қауіпсіз қалдықтарды сатудан түскен қаражат мемлекет кірісіне жіберіледі.

50. ЖАО Заңға сәйкес қауіпті емес қалдықтарды қалпына келтіру және/немесе кәдеге жарату және/немесе жою бойынша одан әрі әдісті айқындау үшін құжаттаманы әзірлеуге жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және (немесе) жүргізеді.

51. ЖАО Заңға сәйкес қауіпті емес қалдықтар орналастырылған аумақты рекультивациялау бойынша мемлекеттік сараптамадан өткен жобаларды іске асыру үшін жеке және (немесе) заңды тұлғаларды тартады.

52. Қауіпті емес қалдықтарды сатқаннан, қалпына келтіргеннен, кәдеге жаратқаннан және жойғаннан кейін қауіпті емес қалдықтар объектілері орналасқан аумақтарды рекультивациялау Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Иесіз қалдықтарды  
басқару қағидаларына  
1-қосымша

**Сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп танылған иесіз қауіпті қалдықтарды республикалық меншікке қабылдау-тапсыру актісі**

20\_\_ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (акті жасалған орын)

Комиссия құрамында \_\_\_\_\_

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ сот шешімінің негізінде республикалық меншікке мынадай құрамдағы:

| № р/с | Қалдық түрі | Саны (масса, көлемі) | Алатын алаңы | Қалдықтың қауіптілік деңгейі және коды (қалдықтар сыныптауышы бойынша) | Қалдықтардың орналасқан жері | Қалдықтардың жай-күйі туралы түсіндірме |
|-------|-------------|----------------------|--------------|------------------------------------------------------------------------|------------------------------|-----------------------------------------|
|-------|-------------|----------------------|--------------|------------------------------------------------------------------------|------------------------------|-----------------------------------------|

иесіз қауіпті қалдықтардың қабылданғаны туралы осы актіні жасады.

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_ (лауазымы)

\_\_\_\_\_ Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (лауазымы)

\_\_\_\_\_ Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Иесіз қалдықтарды  
басқару қағидаларына  
2-қосымша  
Заңды тұлғалар үшін

**Қауіпті қалдықтарды сату жөніндегі конкурсқа қатысуға конкурстық өтінім**

Атауы \_\_\_\_\_

Орналасқан жері \_\_\_\_\_

(заңды, негізгі және электрондық мекенжайы)

БСН \_\_\_\_\_

Мемлекеттік тиесілігі \_\_\_\_\_

Мәліметтер:

-заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы \_\_\_\_\_

- басшылар туралы \_\_\_\_\_

- қатысушылар немесе акционерлер туралы: \_\_\_\_\_

(жарғылық капиталдағы олардың үлес мөлшерін көрсете отырып  
(жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен)) осы конкурстық өтінімді келесі  
құжаттармен қоса жібереді:

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

3) \_\_\_\_\_

4) \_\_\_\_\_

Талап етілетін құжаттар қатаң реттілікпен қалыптастырылады және \_\_\_\_\_ парақта  
қоса беріледі.

Ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беремін.

\_\_\_\_\_  
(бірінші басшы немесе қол қоюға уәкілеттік (қолы) берілген адам)

Мөрдiң орны (бар болған жағдайда)

Иесіз қалдықтарды  
басқару қағидаларына  
3-қосымша  
Заңды тұлғалар үшін

### **Қауіпті қалдықтарды сату жөніндегі конкурсқа қатысуға конкурстық өтінім**

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

ЖСН: \_\_\_\_\_

Мекенжайы: \_\_\_\_\_

(тұрғылықты жері бойынша тіркелу мекенжайы және электрондық мекенжайы)

Азаматтығы \_\_\_\_\_ осы конкурстық өтінімді келесі құжаттармен қоса  
жібереді:

1) \_\_\_\_\_

— 2) \_\_\_\_\_

— 3) \_\_\_\_\_

— 4) \_\_\_\_\_

Талап етілетін құжаттар қатаң реттілікпен қалыптастырылады және \_\_\_\_\_ парақта қоса беріледі.

Ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беремін.

\_\_\_\_\_  
Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

\_\_\_\_\_  
(ҚОЛЫ)

Иесіз қалдықтарды  
басқару қағидаларына  
4-қосымша  
Заңды тұлғалар үшін

### Баға ұсынысы

Конкурстың атауы \_\_\_\_\_

Конкурқа қатысушының атауы/ Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
БСН/ЖСН \_\_\_\_\_

Қатысушының банктік деректемелері \_\_\_\_\_

Қалдықтардың атауы \_\_\_\_\_

Өлшем бірлігі \_\_\_\_\_

Саны (көлемі) \_\_\_\_\_

Жалпы бағасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(конкурса қатысушының атауы/ Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_  
(ҚОЛЫ)

бұйрыққа  
қосымша

### Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтар тізімі

1. "Сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп танылған иесіз қауіпті қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 229 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11475 болып тіркелген)

2. "Сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп танылған иесіз қауіпті қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 229 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 18 қазандағы № 451 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14400 болып тіркелген).

3. "Сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп танылған иесіз қауіпті қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 229 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 156 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17014 болып тіркелген).